
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-2.84-2022 31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-2



«БЕКЕТІЛДІ»
 ҚР МСМ МК «Темірбек
 Жүргенов атындағы Қазақ
 ұлттық өнер академиясы» РММ
 Ғылыми Кеңесінің шешімімен
 «27» __04__2023 ж.
 №_11_ хаттама

**7M02194 – ЭСТРАДА ӨНЕРІ
 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
 МАГИСТРАТУРАҒА
 ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы
 2023

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ	Ф 017-2.84-2022
	ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	31.10.2022 ж.
	<u>Түсу емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2-2

1. ӘЗІРЛЕНДІ

Касимова З.М. – өнертану кандидаты, «Музыкалық өнер» факультетінің деканы

Абельтаева Ж.Е. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Эстрада оркестрінің аспаптары» кафедрасының каф. меңгерушісі

Каспакова Г.М. – «Эстрадалық вокал» каф. меңгерушісі

2. ТАЛҚЫЛАНДЫ


«Эстрадалық вокал» кафедрасының отырысы

« 6 » сәуір 2023 ж. Хаттама № 9

«Эстрада оркестрінің аспаптары» кафедрасының отырысы

« 20 » сәуір 2023 ж. Хаттама № 9

3. КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор  К.З.Халыков

ЖОО кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығының басшысы  А.А.Кульшанова

ЖОО кейінгі білім беру бөлімінің басшысы  Ж.А.Тлеулинова

Магистратураға қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғарғы білім алудың алдыңғы сатысы (бакалавриат) бағдарламасының көлемінен құралған.

7M02194 «Эстрада өнері» мамандығы бойынша магистратураға мамандар дайындаудың негізгі талаптары:

Магистратураға түсуші:

«Музыкалық шығармашылық психологиясы» және «Танымал музыка мен джаз тарихы» пәндері бойынша өз білімдері мен дағдыларын көрсету керек.

Хабардар болуы керек:

Білу керек:

- кәсіби саладағы шығармашылық қызмет психологиясының теориялық негіздерінен;
- танымал музыка және джаз стильдері мен бағыттарынан; рок, джаз және поп музыканың көрнекті өкілдерінің шығармашылық жолынан; жеке медиатека мен фонотеканы құрастырудан.
- ғылыми жұмысты жүргізудің әдістері мен тәсілдері туралы түсінікке ие болу.

Пайдалана білу керек:

- таңдаған кәсіби қызметінде көркем шығармашылық психологиясынан теориялық білімді қолдану;
- джаз стильдерін есту арқылы анықтау. Джаздың негізгі ритмін, орындаушылық тәсілдерін, формаларын;
- негізделген нәтижелер алу мақсатында деректерді іздеу, талдау.

Дағдысы болуы керек:

- шығармашылық тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін анықтау;
- ноталық материалды, джаз оркестрі мен ансамбль музыкасының негізгі стильдерін талдау әдістерін меңгеру;
- дербес ғылыми зерттеу және оның нәтижелерін дәлелді түрде ұсыну.

Құзыретті болу:

- Музыкалық-орындаушылық пәндерді оқыту мәселелерінде;
- Эстрада орындаушысының музыкалық шығармашылық психологиясы саласында;
- алынған ғылыми тәсілдерді практикада қолдануда.

Қабылдау емтихандары Магистратура және PhD докторантура білім бағдардамалары бойынша қабылдау емтихандарын өткізу ережелеріне сәйкес ауызша түрінде өтеді.

II. Пән атаулары және олардың негізгі тараулары

1-Пән «Музыкалық шығармашылық психологиясы»

Пән мазмұны:

Кіріспе. Музыкалық шығармашылық психологиясы. Шығармашылық психологиясының бағыттары. Қырым-қатынастағы шығармашылық.

I тарау. Шығармашылық қызметтегі танымдық үдерістер: зейін, сезіну, дамытудың түрлері мен тәсілдері; қабылдау, оның психологиялық механизмдері; жады, ойлау, дамытудың түрлері мен тәсілдері; елестету, оның функциялары мен түрлері.

II тарау. Жасампаздың тұлғасы мен қызметі: шығармашылық тұлғаның психологиялық ерекшеліктері; кәсіби қызмет техникасы; шығармашылық үдеріс ретінде.

III тарау. Жасампаз тұлғасының жеке-психологиялық қасиеттері: шығармашылықтағы бейсаналық: қабілеттер, нышандар, дарын, кеменгерлік; темперамент және мінез; эмоция мен сезім; ерік, оның шығармашылық психологиясындағы феномені.

2-Пән «Танымал музыка және джаз тарихы»

«Танымал музыка және джаз тарихы» джаз, рок және поп музыканың даму тарихы үдерісі ретінде қарастырылады, оның қайнар көзі, музыкалық ерекшеліктері, әлеуметтік функциялары талданады, негізгі стильдері, бағыттары, жанрлары және көрнекті өкілдері сараланады. Курс құрылымы хронологиялық және жанрлық-стильдік қағидаға негізделген.

Курстың негізгі мақсаты – көркемдік талғамды қалыптастыру, заманауи музыкада орын алып жатқан үдерістерді кәсіби түрде қабылдау және баға беру.

Оқу барысында баса назар музыканы аудио және видеоматериалдар арқылы тыңдауға және оны кәсіби түрде талдауға бөлінеді.

«Танымал музыка және джаз тарихы» пәнін оқып болған студенттер нәтижесінде төмендегі нәрселерді игеруі керек:

- арнайы музыкалық терминологияны білу;
- кітапханада, ғаламторда материал жинақтауға дағдылы болу, сонымен қатар, жеке фоно- және видеотекасын жасай алу;
- шығарманың орындаушылық талдауын жасай білу;
- өздігінен білім алу тәжірибесі және алатын білімді практикада қолдануды;
- танымал музыка мен джаздың стильдері мен бағыттарын, олардың мәнерлік мүмкіндіктерін білу;
- танымал музыка мен джазды өзіндік стильдік ерекшеліктері мен әлеуметтік бағытталуы бар музыканың жеке түрлері ретінде зерттеу;
- джаз музыкасын талдау тәсілдерін игеру, шығармалардың стилистикалық қатыстылығынан және орындаушылық мәнерлерден хабардар болу.

«Танымал музыка және джаз тарихы» пәні емтихан тапсырумен аяқталады.

3-Пән «Ғылыми зерттеу негіздері»

«Ғылыми зерттеу негіздері» пәні ғылыми қызмет негіздерімен таныстырады, ғылыми жұмысты жүргізудің қалыптасқан әдістері мен тәсілдерін қолдануға үйретеді. Ғылыми зерттеулерді жүргізудің негізгі ережелері, технологиялары, практикалық әдістері мен тәсілдері бойынша білімді қамтиды, ғылыми зерттеу тақырыбын таңдау, деректерді іздеу, талдау, өңдеу, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, негізделген нәтижелер алу дағдыларын игеруге мүмкіндік береді.

Пәнді оқытудың мақсаты зерттеушілердің ғылыми белсенділігін арттыру, орындаушылық мамандану студенттеріне өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруда көмек көрсету болып табылады.

«Ғылыми зерттеу негіздері» пәнін оқу нәтижесінде студенттер:

- ғылыми зерттеу әдістері және оларды ғылыми жобаны дайындауда қолдану ерекшеліктері туралы білімді меңгеру;
- өз бетінше ғылыми зерттеу және оның нәтижелерін дәлелді түрде ұсыну дағдыларына ие болу;
- ғылыми жұмыстың құрылымына, ғылыми-анықтамалық аппаратына, тіліне, қолжазбаны рәсімдеу ережелеріне қойылатын міндетті талаптарды білу;
- ғылыми жобаны жоспарлау, жазу, рәсімдеу және қорғау дағдыларын меңгеру;
- қорытынды аттестаттауда ғылыми жұмыстарды көпшілік алдында қорғаудың процедуралық мәселелерін бағдарлай білу;
- алынған ғылыми нәтижелерді іс жүзінде қолдануға дайын болу.

III. Емтихан сұрақтары

«Музыкалық шығармашылық психологиясы»

1. Музыкалық шығармашылық психологиясы: пәні және зерттеу мақсаты.
2. Қарым-қатынас пен шығармашылық. Қарым-қатынас түрлері, олардың қағидалары.
3. Тұлға темпераменттерінің классификациясы.
4. Дарындылық пен данышпандық музыкалық шығармашылық психологиясындағы.
5. Музыкалық өнердегі назар аудару мен шығармашылықтың байланысы.
6. Музыка түсінудің психологиялық ерекшеліктері.
7. Есте сақтау және шығармашылық. Музыкалық шығармашылық психологиясындағы есте сақтаудың рөлі.
8. Шығармашылықтың психологиялық процесс ретіндегі мәні.
9. Елестету, оның функциялары мен түрлері.
10. Шығармашылық психологиясындағы елестету мен сезім, олардың қызметі мен түрлері.
11. Музыкалық-шығармашылық процесс психологиялық құбылыс ретінде.

12. Дарындылық, данышпандық – шығармашылық қабілеттердің даму кезеңдері.
13. Орындаушылық практикадағы музыкалық есте сақтау феномені.
14. Шығармашылық тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктері.
15. Орындаушы музыкант шығармашылығы саласындағы қиындықтар.
16. Эмоциялар мен сезімдер музыкалық шығармашылық психологиясындағы.
17. Музыкалық есте сақтауды дамытудың психологиялық факторлары.
18. Бейсаналық сала, оның шығармашылық үдерістегі маңызы.
19. Шығармашылық үдерісінің құрылудың негізгі кезеңдері.
20. Шығармашылық қабілеттіліктер, олардың даму деңгейі мен дәрежесі.
21. Психиканың танымдық функциялары, олардың шығармашылықтағы ролі.
22. Сахнаға шығу алдындағы пайда болатын күйзелісті жеңу білудің мағынасы.
23. Музыкалық орындаушылық саласындағы эмоция мен стресс.
24. Шығармашылық тұлғаның дарындылық белгілері.
25. Шығармашылық музыкалық әрекеттегі мотивация.

«Танымал музыка және джаз тарихы»

1. Қазіргі заманғы музыканың танымал жанрлары.
2. Джаз музыкалық мәдениеттің феномені ретінде..
3. Заманауи джаздың негізін қалаушы стильдері: спиричуэл, госпел, регтайм.
4. Классикалық джаздың негізгі түрлері (регтайм, диксиленд, драйв, свинг).
5. Блюз. Жанр сипаты, шумақтың поэтикалық және музыкалық формалары, түрлері.
6. Бесси Смит блюз дәстүрінің негізін қалаушысы.
7. Музыкалық эстетика мен музыкатанудағы музыкалық жанр ұғымы.
8. Луи Армстронг және оның джаз өнерінің дамуына қосқан үлесі.
9. Джаздың музыкалық-тарихи негізі ретіндегі жаңаорлеандық стиль.
10. 1930 жылдардағы джаздың негізгі стилі ретінде Свингтің танымал болу себептері.
11. Элла Фитцджеральд шығармашылығындағы джаз стандарты және виртуозды скэт стилі.
12. Каунт Бэйси және оның Канзас-Сити джаз свинг бағытының негізін қалаушы ретіндегі ролі.
13. Джаз музыкасындағы импровизацияның ролі.
14. XX ғасыр музыкасындағы экспериментатор және жаңашыл-музыкант Дюк Эллингтонның шығармашылығының маңызы.
15. Би-боп джаз стилі және оның негізін қалаушылар Ч.Паркер, Т. Монк және Д.Гиллесли.
16. Рэй Чарльз шығармашылығындағы соул стилінің негізгі белгілері.
17. Джаз өнері: жеке стильдің қалыптасу жолдары.
18. Дж.Колтрейн және М.Дэвистің пернелі (модальды) джазы.
19. Босса-нова бұқаралық музыкалық мәдениетінің феномені ретінде.
20. Америкадағы мюзикл. Жанр ерекшелігі.
21. Рок-н-ролл және рокабилли. Ортақ ұқсастықтар мен өзгешеліктер.

22. Джаздың даму тарихы. Шығу тегі мен стильдері.
23. Рок музыкасындағы революция. «Битлз». «Британдық шабуыл».
24. Дисконның пайда болуы және оның «алтын дәуірі» (ABBA, Boney M., Bee Gees).

«Ғылыми зерттеу негіздері»

1. Эстрада – өнертану ғылымының нысаны ретінде.
2. «Эстрадалық өнер», «эстрада», «эстрадалық» ұғымдарының арақатынасы.
3. Эстрадалық өнердің жалпы жіктелуі.
4. Көпшілік мәдениеті қазіргі өмірде эстрадалықтың пайда болуының негізі ретінде.
5. Эстрада өнерін пәнаралық сипаты.
6. Көпшілік мәдениет пен ұлттық мәдениет пен өнердің арақатынасы туралы.
7. Эстраданың мазмұндық компоненттері, оның сапалық ерекшеліктері.
8. Эстрада кәсіби сахна өнерінің бір түрі ретінде.
9. Эстраданың эстетикалық құндылығы және "ойын-сауық" жанрларының кейбір мәдени функциялары.
10. Эстрада тарихы орындаушылық өнер ретінде.
11. Қазіргі қазақстанның көпшілік мәдениетінде эстрада және эстрадалық ұғымдарын ажырату.
12. Эстрадалық номерінің құрылымдық, композициялық заңдылықтарының тарихи-теориялық негіздері.
13. Эстрадалық өнерде көркем образ жасаудың ерекшеліктері.
14. Эстрада және эстрадалық заманауи көпшілік мәдениетінің имманентті феномені ретінде.
15. Эстрада өнерінің әмбебап ерекшеліктерінің ұлттық этникалық эстрадаға көрсететін әсері.
16. Фольклор "модернизацияланған" және эстраданың өзі "фольклорланған" құбылыстың жақтарын ашыңыз.
17. Эстрада өнерінің эстетикалық мәселелері.
18. Эстраданың ерекшелігі, оның маңызды белгілері мен функциялары.
19. Эстрада эволюциясы қоғамдық және мәдени өмірдің бір бөлігі және құралы ретінде.
20. Эстраданың қоғамдағы жалпы мәдени процестермен байланысы туралы.
21. Эстрадалық өнердің көркемдік және коммерциялық жақтарының арақатынасы мәселесі.
22. Жаһандану процестерінің Қазақстанның ұлттық эстрадасына әсер ету дәрежесі, оның маңызды ерекшеліктері.
23. Эстрадалықтың көпшілік мәдениетінің феномені ретіндегі мәні.
24. Заманауи қазақстандық және, соның ішінде ресейлік көпшілік мәдениет материалындағы эстраданың әмбебап және этникалық маңызды ерекшеліктері.
25. Эстрада – өнердің бір түрі ретінде.

IV. Қолданылған әдебиеттер тізімі

«Музыкалык шығармашылык психологиясы»

1. Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие. – М.: Прогресс, 1974.
2. Аюханов Б. Биография чувств.- Алматы, 1999.
3. Библер В.С. Мышление как творчество. – М., 1975.
4. Бочкарев Л. Психологические вопросы публичного выступления музыкантов – исполнителей / Вопросы психологии, 1975, №4.
5. Вильсон Г. Психология артистической деятельности: таланты и поклонники – М., 2001.
6. Выготский Л.С. Психология искусства.- Минск: Современное слово, 1998. Гройсман А.Л. Психология: личность, творчество, регуляция состояний. -М., 1992.
7. Гиппиус С.В. Психологический тренинг. Гимнастика чувств. Секреты развития психики. – СПб-М., 2003.
8. Джердималиева Р.Р. Музыкально-творческий процесс: сущность и содержание (к теории вопроса) – Алматы, 2004.
9. Зигмунд Ф. Художник и фантазирование. - М., 1995.
10. Иванченко Г.В. Психология восприятия музыки.- М. 2001.
11. Ингард К. Эмоции человека.- М., 1980.
12. Кирнарская Д.К. Психология специальных способностей. Музыкальные способности. - М.: Таланты - XXI век, 2004.
13. Лук А.Н. Мышление и творчество. – М., 1976.
14. Мелик – Пашаев А.А. Педагогика искусства и творческие способности. – М., 1992.
15. Музыкальная психотерапия: теория и практика. – М., 1998.
16. Назайкинский Е.В. О психологии музыкального восприятия.- М., 1972.
17. Петрушин В.В. Музыкальная психология. - М., 1994.
18. Петрушин В.В. Психология и педагогика художественного творчества. Учебное пособие. - М: Академия, 2006.
19. Проблемы музыкального мышления – М., 1974.
20. Симонов П.В., Ершов П.М. Характер, темперамент, личность. - М., 1984.
21. Смирнов А.А. Проблемы психологии памяти. – М., 1966.
22. Станиславский К.С. Работа актера над собой. - М., 1951.
23. Теплов Б.М. Психология способностей. - М., 1949.
24. Торопова А.В. Музыкальная психология и психология музыкального образования. Учебное пособие. Изд-е 2-е, испр. и доп. – М.: Граф-Пресс, 2008.
25. Хрестоматия по психологии художественного творчества. – М., 1998.
26. Художественное творчество и психология. – М., 1991.
27. Цыпин Г.М. Психология музыкальной деятельности: проблемы, суждения, мнения. – М., 1994.
28. Юнг К.Г. Феномен духа в искусстве и науке. – М., 1992.
29. Якобсон П.М. Психология чувств. - М., 1956.

«Танымал музыка және джаз тарихы»

1. www.jazz.jazz.ru
2. www.totalrock.ru

3. Григорьев В. Исполнитель и эстрада. – М., 2006.
4. Гринберг М., Тараканов М. Современный мюзикл//Советский музыкальный театр. – М., 1982.
5. Джумагазиев М. Иллюстрированные песни Битлз. – Алматы, 2012.
6. Козлов А. Рок: истоки и развитие. – М., 2000.
7. Коллиер Д. Становление джаза. – М., 1984.
8. Конен В. Пути американской музыки. – М., 1987.
9. Конен В. Рождение джаза. - М.,1984.
- 10.Королев О. Краткий энциклопедический словарь джаза, рок- и поп-музыки. – М., 2006.
- 11.Овчинников Е. История джаза. – М., 1994.
- 12.Пассман Д. Все о музыкальном бизнесе. – М., 2009.
- 13.Переверзев Л. От джаза к рок-музыке. – М., 1994.
- 14.Петров А. Джазовые силуэты. – М., 1996.
- 15.Ролланд П. Рок и поп. – М., 2003.

«Ғылыми зерттеу негіздері»

- 1 Андреев Г.И., Смирнов С.А., Тихомиров В.А. Основы научной работы и оформление результатов научной деятельности: В помощь написания диссертации и рефератов. – М.: Финансы и статистика, 2003.
- 2 Басаков М.И. От реферата до дипломной работы: Рекомендации студентам по оформлению текста: Учеб.пособие для студентов вузов и колледжей. – Ростов н/Д, 2001.
- 3 Бычков Ю. Музыказнание в системе наук. – М., 2011.
- 4 ГОСО РК 5.03.016-2009. Жоғары оқу орындарында дипломдық жұмысты (жобаны) орындау ережесі. Негізгі ережелер.
- 5 Кузнецов И.Н. Научные работы. Методика подготовки и оформления. 2-е изд., перераб. и доп. – Минск: Амалфея, 2000.
- 6 Мынбаева А.К. Основы научно-педагогических исследований: учебное пособие. – Алматы: Қазақуниверситеті, 2013.
- 7 Рузавин Г.И. Методология научного исследования: Учебное пособие для ВУЗов – ЮНИТИ – 1999.
- 8 Салагаев В. Студенческие научные работы: Учебное пособие. – Алматы: Раритет, 2004.
- 9 Яшина Л.А. Основы научных исследований: Уч.пос./ Сост. Яшина Л.А. Сыктывкар: Изд-во СыктГУ, Сыктывкар, 2007.